

«№ 8 В.Комаров атындағы ЖОББМ» КММ

*Қазақ тілі мен әдебиеті
пәні бірлестігінің
жылдық жұмыс жоспары*

2023-2024 оқу жылы

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні бірлестігінің тақырыбы:

"Тұлға қалыптастыруда ұлттық құндылықтар негізінде білім мен тәрбие беру"

Мақсаты:

1. Мұғалімнің кәсіби шеберлігінің шыңдалып өсуіне, жан-жақты жетілуіне бағыт- бағдар беру , ұлттық құндылықтарымызды біліммен ұштастыру;
2. Оқушылардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыру;
3. Жас ұрпақ санасына туған халқына деген құрмет, сүйіспеншілік, мақтаныш сезімдерін ұялату, ұлттық рухын дамыту;
4. Мемлекеттік тілімізді, оның тарихын, мәдениетін, өнерін, салт- дәстүрін, рухани-мәдени мұраларды қастерлеу;
5. Жас ұрпақ бойында жанашырлық, сенімділік, намысшылдық тәрізді ұлттық мінездерін қалыптастыру.

Міндеті:

1. Оқушы мен мұғалімнің әрбір мәселеде өз көзқарастарын білдіріп отыру;
2. Мұғалімнің әр жеке оқушының ерекшелігін дамытуы, қоғам алдындағы жауапкершілігінің болуы;
3. Өзіндік бақылау мен бағалауды, шешім қабылдауды үйрену және оны дамыту; әртүрлі пікірлерді қабылдай алу, бір-бірінің пікірлері мен ерекшеліктерін құрметтеу, қабылдау;
4. Қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда оқушылардың білім сапасын арттыру;
5. Қазақ халқының салт-дәстүрін, мәдениетін, тілін, дінін, мемлекеттік рәміздерді насихаттап, құрметтеуге баулу;
6. Мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту

Күтілетін нәтиже:

1. Ұлттық құндылықтарымызды насихаттап, оқушы бойына сіңіріп, ұлттық мәдениетімізді әлемдік мәдениетке жеткізетін тұлға қалыптастыру;
2. Жаңашылдыққа ұмтылған білімді педагог;
3. Мемлекеттік тілде ауызша сауатты сөйлей білетін, жазбаша сауатты жаза білетін, жан-жақты дамуға бағытталған жеке тұлға қалыптастыру.

7.	Тілдер мерекесіне орай аудандық сайыстарға қатыстыру	кезінде	Пән мұғалімдері	Сайыс нәтижесі бойынша марапаттар
8.	9-сыныптар бойынша ББЖМ-ға дайындық жұмыстары	жыл бойы	Барлық пән мұғалімдері	Мәлімет
9.	Сәтімжан Санбаевтың 85 жылдық мерейтойына байланысты жоспар бойынша іс-шаралар өткізу	қыркүйек - желтоқсан	Бегимбетова Б.Б.	Мәлімет
10	Шығармашыл оқушылар арасындағы «Ақберен» республикалық өнер байқауының қалалық кезеңіне қатыстыру	Кестеге сай	Мархабаева Т.С.	Мәлімет
11	Сәкен Сейфуллиннің 130 жыл толуына орай әдеби кеш өткізу	қыркүйек - желтоқсан		Мәлімет
	Бердібек Соқпақпаевтың 100 жылдығына орай іс-шара ұйымдастыру	қыркүйек - желтоқсан	Оспанова Н.Т.	Мәлімет
12	«Мың бала» республикалық мәдени-ағарту жобасына оқушылар дайындау, іс-шаралар өткізу. БАҚ-на атқарылған шаралар туралы мәлімет жариялау	кестеге сай	Пән мұғалімдері	Сайыс нәтижесі бойынша марапаттар Мәлімет


Қ а з а н

1.	Пән мұғалімдерінің сабағына ену	Үнемі	Пән мұғалімдері Бірлестік жетекшісі	Әдіс алмасу
2.	Әбдіжамал Нұрпейісов 100 жылдыққа арналған әдеби кеш өткізу	қыркүйек – желтоқсан	Айтуреева С.Ж.	Мәлімет
3.	Шона Смаханұлы 100 жыл толуына орай сыныптан тыс шаралар өткізу	қыркүйек - желтоқсан	Бекназарова Ф.А.	Мәлімет
4.	Мүбәрак Жаманбалинов 100 жылдығына орай іс-шара ұйымдастыру	қыркүйек - желтоқсан	Назымбет К.Ж.	Мәлімет
5.	Ғабит Мүсіреповтің 120 жылдығына орай іс-шара ұйымдастыру	қыркүйек - желтоқсан	Мустафаева Л.М.	Мәлімет
6.	Бибігүл Төлегенова 95 жылдығына орай іс-шара ұйымдастыру	қыркүйек - желтоқсан	Әділбаева М.С., Кадырова Б.Д.	Мәлімет
7.	Пәнге байланысты оқушыларды әртүрлі сайыстарға қатыстыру	кезінде	Пән мұғалімдері	Сертификаттар мен дипломдар

8	8-9-10-11-сынып оқушыларын пән олимпиадасына дайындау	Оқу жылының басынан	Пән мұғалімдері	мәлімет
9	Әдістемелік күн	Қазан	Пән мұғалімдері Бірлестік жетекшісі	
10	Үлгермеуші оқушылармен жұмыс есебі, 9-11-сынып білім көрсеткішінің есебі	қыркүйек - мамыр	Пән мұғалімдері	анықтама
Қ а р а ш а				
1.	Бірлестік отырысы	Кестеге сай	ӘБ жетекшісі	хаттама
2	Мектепшілік пән олимпиадасын өткізу	Кестеге сай	8-9-10-11-сынып пән мұғалімдері	хаттама
3	Жас ғалымдардың «Зерде», «Дарын» қоғамының есебі	Кестеге сай	Пән мұғалімдері	Мәлімет
4	9-11-сынып білім көрсеткішінің есебі	Кестеге сай	9-11-сынып пән мұғалімдері	Анықтама
5	Әдістемелік күн	Кестеге сай	Пән мұғалімдері Бірлестік жетекшісі	Хаттама
Ж е л т о қ с а н				
1.	Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс барысы	Кестеге сай	Пән мұғалімдері	Мәлімет
2.	Әбіш Кекілбаевтың 85 жылдығына арналған іс – шара ұйымдастыру	қыркүйек - желтоқсан	Нурманова М.С.	Мәлімет
3	Тұрар Рысқұловтың жылдығына орай іс- шара өткізу	желтоқсан	Ештаева Б.С.	Мәлімет
4.	Фариза Оңғарсынова 85 жыл толуына орай әдеби кеш өткізу	желтоқсан	Алдияров Б.О.	Мәлімет
5.	ҚР Тәуелсіздік туралы үздік 10 өлең Көркемсөз байқауы, сыныптан тыс сабақтар	желтоқсан	Рысбекова Н.Е.	Хаттама, мәлімет
6.	I жартыжылдық бақылау жұмыстарын алу, қорытындысы	23.12.2023	Пән мұғалімдері Бірлестік жетекшісі	Хаттама, анықтама
7	9-10-11-сынып оқушыларын аудандық пән олимпиадасына дайындау, қатыстыру	кезінде	9-10-11-сынып пән мұғалімдері	мәлімет
8	Әдістемелік күн	Кестеге сай	Пән мұғалімдері Бірлестік жетекшісі	Хаттама
Қ а н т а р				
1.	Бірлестік отырысы	Кестеге сай	Бірлестік жетекшісі	Хаттама

2.	М.Мақатаев оқуларын өткізу (5-11 сынып)	Қаңтар	Пән мұғалімдері	Мәлімет
3.	Мектепшілік М.Жұмабаев оқуларын өткізу (5-11 сынып)	Қаңтар	Пән мұғалімдері	Мәлімет,хаттама
4.	«Жыр алыбы – Жамбыл» мектепшілік байқау өткізу (5-11 сынып)	Қаңтар	Пән мұғалімдері	Мәлімет
5.	9-11-сыныптардың бітіру емтиханына дайындық барысы	29.01.2023	Пән мұғалімдері	Мәлімет
А қ п а н				
1.	Әбілда Тәжібаевтың 105 жылдығына арналған іс – шара ұйымдастыру	Ақпан	Қарабаева Л.А.	Мәлімет
2.	Мектепшілік “Абай-Шәкәрім оқуларын” өткізу (5-11 сынып)	Ақпан	Пән мұғалімдері Бірлестік жетекшісі	Хаттама,мәлімет
3.	Мектепшілік І.Жансүгіров оқулары (8-11 сынып)	Кезінде	Пән мұғалімдері Бірлестік жетекшісі	мәлімет
4.	9-11 сынып білім көрсеткіші	жыл бойы	Пән мұғалімдері	анықтама
5.	Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің онкүндігі	26.02- 6.03.2024	Пән мұғалімдері Бірлестік жетекшісі	мәлімет
6.	Дарынды оқушылармен жұмыс есебі	жыл бойы	Пән мұғалімдері	анықтама
Н а у р ы з				
1.	Үйірменің үйретері көп.	Кестеге сай	Үйірме жетекшілері	мәлімет
2.	Заман талабына сай ізденіс сабақтары (БЖБ мен ТЖБ айлық курс бойынша әдістемелік күн)	Кезінде	Пән мұғалімдері Бірлестік жетекшісі	Сабақ жоспарлары,мәлімет
3.	9-11-сыныптардың білім көрсеткішінің есебі	әр тоқсан	Пән мұғалімдері	анықтама
4.	Мектепшілік “Махамбет оқуларын” өткізу (10-11 сынып)	Наурыз	Пән мұғалімдері	Хаттама,мәлімет
5.	Бірлестік отырысы	Кестеге сай	Бірлестік жетекшісі	хаттама
С ә у і р				
1.	“Ақ қауырсын” шығармашылық байқауы (5-11 сынып)	Кезінде	Пән мұғалімдері	мәлімет
2.	Мектепшілік «Ақберен» сайысын өткізу(8-11 сынып)	Кезінде	Пән мұғалімдері	Хаттама,мәлімет
3.	Мектепшілік Оралхан Бөкей атындағы көркемсөз шеберлерінің байқауы (10-11 сынып)	Кезінде	Пән мұғалімдері	мәліме

			жетекшісі	
6.	9-11-сыныптардың білім көрсеткіш есебі	әр тоқсан	9-11-сынып пән мұғалімдері	анықтама
М а м ы р				
1.	Тамыз мәслихатына баяндама дайындау	Кезінде	Пән мұғалімдері	баяндама
2.	Бітіру емтихандарына дайындық есебі	Кезінде	Пән мұғалімдері	анықтама
3.	II жарты жылдық бақылау жұмыстарын алу, қорытындысы	25.05.2023	Пән мұғалімдері	Хаттама, мәлімет
4.	Пән мұғалімдерінің жылдық есебі	25.05.2023	Пән мұғалімдері	Мәлімет, хаттама
5.	Бірлестік отырысы	Кестеге сай	Бірлестік жетекшісі	хаттама


Қазақ тілі мен әдебиеті пәні әдістемелік бірлестік жетекшісі  Муратова Г.А.



2023-2024 оқу жылында қыркүйек айының 5-19 күндері аралығында «Қазақстан халықтарының тілдері күні» мерекесі аясындағы «Тіл тірегіміз, соғып тұрған жүрегіміз» тақырыбындағы онкүндік жоспар

Мақсаты: Тәуелсіз елімізде өмір сүріп отырған ұлт өкілдері арасындағы достық пен бірлікті нығайту барысында мемлекеттік тілге құрмет сезімдерін қалыптастыру. Мемлекеттік тілдің маңызы туралы түсінік беру. Сан ғасырлар бойы халықтың өзімен бірге жасасып, барлық қазақстандықтарды мемлекеттік тіл – этносаралық қатынас тілі идеясының айналасына топтастыру, ұрпақтан-ұрпаққа мұра боп қалып жатқан ауыз әдебиетінің бай саласының бірі қазақ тілін ұрпақтың бойына сіңіре білуге және туған жерін сүйуге, қадірлеуге, бағалап мақтан етуге тәрбиелеу.

№	Іс –шараның атауы	Форматы	Мерзімі, өтілетін орны	Жауапты
1	Іс-шараның бұйрығын, іс-шара жоспарын бекіту	Бұйрық, хат, іс-шара жоспары	4 қыркүйек	Тіл бірлестігі
2	«Тіл тірегіміз, соғып тұрған жүрегіміз» тақырыбындағы онкүндіктің ашылу салтанаты	Салтанатты жиын	5 қыркүйек	Үш тұғырлы тіл бірлестігі
3	«Мен қазақ тілін таңдаймын!»	Челлендж	06.09.2022ж.	Налибаева А Назымбет К Ештаева Б Алдияров Б Курманкулова Ш Бекназарова П
4	«Өзге тілдің бәрін біл, өз тілінді құрметте»	Постерлер конкурсы	07.09.2023	5-6 сыныптар Әділбаева М Ибрагимова А Қарабаева Л
5	«Тіл- достықтың мерейі»	Эссе байқауы	08.09.2023ж	8-7сыныптар Назымбет К Айтүреева С
6	«Тіл - әр халықтың байлығы»	Пікірталас	11.09.2023ж	11 сынып Оспанова Н Бегімбетова Г
7	«Тіл – халық қазынасы»	Шешендік сөздер сайысы	13.09.2023ж	9-10 сынып Мархабаева Т Абдрахмановна Б
8	«Тіл тірегіміз, соғып тұрған жүрегіміз» онкүндікті қорытындылау	Қорытынды іс-шара Марапаттау	15.09.2023ж.	Үш тұғырлы тіл бірлестігі Байкова Э РысбековаН

Бірлестік жетекшісі:  Г.Муратова


В.Комаров атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің
2023-2024 оқу жылында қыркүйек айының 5- 15 жұлдызы
аралығында «Қазақстан халықтарының тілдері күні»
мерекесі аясындағы «Тіл тірегіміз, соғып тұрған жүрегіміз »
тақырыбындағы онкүндіктің өтілуі туралы

Мәлімет

Тілдер мерекесіне орай «Тіл тірегіміз, соғып тұрған жүрегіміз »
тақырыбындағы онкүндік іс-шара жоспары төмендегідей бекітілді.

Мақсаты: Тәуелсіз елімізде өмір сүріп отырған ұлт өкілдері арасындағы достық пен бірлікті нығайту барысында мемлекеттік тілге құрмет сезімдерін қалыптастыру. Мемлекеттік тілдің маңызы туралы түсінік беру. Сан ғасырлар бойы халықтың өзімен бірге жасасып, барлық қазақстандықтарды мемлекеттік тіл – этносаралық қатынас тілі идеясының айналасына топтастыру, ұрпақтан-ұрпаққа мұра боп қалып жатқан ауыз әдебиетінің бай саласының бірі қазақ тілін ұрпақтың бойына сіңіре білуге және туған жерін сүйуге, қадірлеуге, бағалап мақтан етуге тәрбиелеу.

№	Іс –шараның атауы	Форматы	Мерзімі, өтілетін орны	Жауапты
1	Іс-шараның бұйрығын, іс-шара жоспарын бекіту	Бұйрық, хат, іс-шара жоспары	4 қыркүйек	Тіл бірлестігі
2	«Тіл тірегіміз, соғып тұрған жүрегіміз » тақырыбындағы онкүндіктің ашылу салтанаты	Салтанатты жиын	5 қыркүйек	Үш тұғырлы тіл бірлестігі
3	«Мен қазақ тілін таңдаймын!»	Челлендж	06.09.2023ж.	Налибаева А Назымбет К Ештаева Б Алдияров Б Курманкулова Ш Бекназарова П
4	«Өзге тілдің бәрін біл, өз тілінді құрметте»	Постерлер конкурсы	07.09.2023	5-6 сыныптар Әділбаева М Ибрагимова А Қарабаева Л
5	«Тіл- достықтың мерейі »	Эссе байқауы	08.09.2023ж	8-7сыныптар Назымбет К Айтүреева С
6	«Тіл - әр халықтың байлығы»	Пікірталас	11.09.2023ж	11 сынып Оспанова Н Бегимбетова Г
7	«Тіл – халық қазынасы »	Шешендік сөздер сайысы	13.09.2023ж	9-10 сынып Мархабаева Т Абдрахмановна Б
8	«Тіл тірегіміз, соғып тұрған жүрегіміз » онкүндікті қорытындылау	Қорытынды іс-шара Марапаттау	15.09.2023ж.	Үш тұғырлы тіл бірлестігі Байкова Э РысбековаН

Бірлестік жетекшісі:  Г.Муратова

2023- 2024 оқу жылы

Қазақ тілі мен әдебиеті пән бірлестігінің отырысы

Хаттама №1

Қатысқаны: 20

Қатыспағаны: 3

Күн тәртібінде

1. 2023-2024 жаңа оқу жылына арналған нормативтік құжаттармен, бұйрықтармен танысу
2. Жаңа оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хатпен танысу
3. ӘБ жұмыс жоспарымен танысу, атқарылатын жұмыстар мен мақсат міндеттерімен мұғалімдерді таныстыру.
4. 2023-2024 оқу жылына арналған тақырыптық - күнтізбелік жоспарды, ӘБ жұмыс жоспарын бекіту
5. Тілдер мерекесінің өтілуі. Әр түрлі мәселелер
6. Апталық жүктемелерді бөлу туралы

Тыңдалды :

Бірлестік жетекшісі: Муратова Г.А Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің бұйрығы бойынша жалпы орта білім беретін мектептерінде оқу процесіндегі сағат сандарын ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хаты туралы айтып өттім. Әдістемелік нұсқау хатты оқып таныстырдым

Екінші мәселе бойынша бірлестік жетекшісі мұғалімдердің жыл бойына атқаратын сағат жүктемелеріне тоқталды. Оқушылардың сабаққа қатысуын қадағалау және тапсырмаларды оқушылар менгеретіндей етіп ұйымдастыру. БЖБ мен ТЖБ тапсырмалары уақытында алынып, тексерілсін.

Алда келе жатқан Тілдер мерекесіне байланысты атқарылатын іс-шаралар жоспарланып, талқыландық

№	Мұғалімнің аты-жөні	Санаты	Апталық жүктемесі
1	Муратова Гульстан Асанхановна	Педагог-зерттеуші	20
2	Оспанова Назира Турлыбековна	Педагог-зерттеуші	20
3	Назымбет Кулнарай Жұмаділқызы	Педагог-зерттеуші	16
4	Бегимбетова Балнур Бахытжановна	Педагог-зерттеуші	20
5	Нурманова Мадина Сматуллаевна	Педагог- шебер	16
6	Ибрагимова Айнагуль Исмаиловна	Педагог-зерттеуші -	16
7	Карабаева Ляззат Алгабековна	санатсыз	16
8	Мустафаева Ляззат Музапбаровна		16
9	Енгтаева Балнур Снабекқызы	санатсыз	16
10	Жуманова Акбота Ильясовна	Педагог-сарапшы	17
11	Әділбаева Молдір Сабитқызы	Педагог-сарапшы	16
12	Айтурсева Салтанат Жайлаубаевна	Педагог-зерттеуші	20
13	Алдьяров Бахтияр Оразбекович	санатсыз	16

Хаттама №2

Қатысқаны: 21

Қатыспағаны: 2

Күн тәртібінде

1. 1 тоқсан қорытындысы бойынша білім сапасының мониторингі
2. Әкімшілік тарапынан тоқсандық, жартыжылдық қорытынды бақылау жұмыстарын бекітілген кесте бойынша алу
3. Олимпиадаларға оқушылардың қатысуын ұйымдастыру, дайындық жұмыстарын жүргізу.

Бірлестік жетекшісі Муратова Г.А:

Токсанда атқарылған іс-шаралар, жеткен жетістіктер мен білім сапасының мониторингі және әкімшілік тарапынан алынатын бақылау жұмыстары туралы тоқталдық.

Пән олимпиадасына дайындық жұмыстарын жандандыру. Резервтегі оқушылармен дайындық кестесін құру жөнінде айтылды. Сонымен қатар іс әрекеттегі және сабақтағы зерттеу жұмыстарын жүргізу бойынша туындаған келергілер мен оны шешу жолдары жайлы пікірталас болды.

Оқушылардың пәндік олимпиадасына дайындық жұмыстары жүйелі жүргізілсін.

Білім сапасын жақсарту үшін оқушылармен жүргізілетін жұмыстар жандандырылсын.

Сабақтағы және іс-әрекеттегі зерттеу жұмыстары жүргізілсін.

1 жартыжылдық бойынша білім сапасы

9, II сынып оқушыларымен қорытынды аттестаттауға дайындық жұмыстарын жоспарлау, сапасы мен нәтижелігін көтерудің тиімді жолдарын қарастыру.

Пәндік сайыстардың, оқулардың нәтижесін шығару.

«Бағалауға арналған тапсырмаларды әзірлеу және сараптау»

Қаулы етілді :

2023-2024 оқу жылындағы педагогикалық кеңестің шешімін негізге ала отырып білім алушылардың біліміндегі әлсіз тұстарын жою және білімін толықтыру жөніндегі іс-қимыл жоспарына сәйкес олқылықтармен жұмыстар жүргізілсін. Қазақ тілі мен әдебиеті пән бірлестігіне қатысты өзгерістерді орындау пән мұғалімдеріне тапсырылсын. Пәндік олимпиада, оқулар, сайыстарға оқушылар сапалы дайындықпен апарылсын

Жиналыс төрайымы :

Муратова Г.А

Хатшы

Карабаева Л.А

5 қыркүйек күні 5-11 сыныптар аралығында жоспарланған онкүндіктегі іс-шаралар ашылу салтанатында үш тілде таныстырылды. Ашылу салтанатында үш тілде берілді.



6 қыркүйек күні өзге ұлт өкілдерінің арасында «Мен қазақ тілін таңдаймын!» тақырыбында челлендж түсіріліп әлеуметтік желідегі барша Қазақстандық достарына жолданды.



Нәтижесінде дайындаған ұстаздары А.Налибаева, К.Назымбет мен Б.Алдияров, Г.Муратова және шәкірттері Мирусенова София, Безруков Евгений, Безруков Никита, Рахымжан Биназир аудан әкімінің «Алғыс хатымен» марапатталды.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=1872691213132517&id=100011749693913&mibextid=2JQ9oc

<https://www.facebook.com/100018779089028/posts/pfbid02R25cEQcaWCnZHY5cd9fD98DawQKByxwDQkLoEHuctDVp2KdmNYySMoYhpLzwzfkUI/?d=w&mibextid=qC1gEa>

<https://www.facebook.com/100018779089028/posts/pfbid02R25cEQcaWCnZHY5cd9fD98DawQKByxwDQkLoEHuctDVp2KdmNYySMoYhpLzwzfkUI/?d=w&mibextid=qC1gEa>

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=1872691213132517&id=100011749693913&sfnsn=wa&mibextid=VhDh1V

<https://www.facebook.com/100018779089028/posts/pfbid02XgAvCbhLBRy5tQ3oYdTb5saRDTo1cewWSa1oKZmhPFYmvEM7NAkitKa8eysh2uyI/?d=w&mibextid=j8LeHn>

2,3,4, сыныптар арасында «Мен қазақ тілін таңдаймын!» атты тақырыбында челлендж өткізілді. Ұйымдастырушы қазақ тілі пән мұғалімдері Курманкулова Шолпан Шагирбаевна мен Бекназарова Перуза Акпархановна. Челлендже өзге ұлт оқушылары қатысты. Челленджге қатысушылар роликтерінде қазақ тілін қалай үйреніп-меңгергені жөнінде ой –пікірлерімен бөлісті және қатысушылардың видео роликтері фейзбук желісіне жүктелді.

1.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02JoukyA2q278uoVP7Dhy2mj2Vi5aiMUKYCHpsyX3gLfykRWaGBbTadxD9qXhenNHsl&id=100065508483354&sfnsn=wa&mibextid=RUbZ1f

2.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02KhNVoRXmzokYciJncN1pTRufuSPvx7WiyyPjPXGJeXrsH8xcsVc4zk7skrKuMwhXl&id=100065508483354&sfnsn=wa&mibextid=RUbZ1f

3

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid025AuDsizr6zxDLM6wmXSXY1VEUDZTfGzfYKLW2qLJrGp9JFdpZD4SFtAarh8wCEV7Vl&id=100065508483354&sfnsn=wa&mibextid=RUbZ1f

7.09.2023 ж. 5-6 - сыныптар арасында «Өзге тілдің бәрін біл өз тіліңді құрметте» атты постерлер конкурсы өткізілді.

Байқауға 5-6 сынып оқушылары белсене қатысты нәтижесінде

5 «Г» сыныбы – I орынды (мұғалімі Әділбаева М.С)

5 «Б» сыныбы - II орынды (мұғалімі Ибрагимова А.И)


5 «А» сыныбы – III орынды иеленді. (Қарабаева Л.А)

Ал 6 – сыныптар арасында

6 «А» сыныбы – I орынды (Ештаева Б.С)

6 «И» сыныбы – II орынды (Ибрагимова А.И)

6 «З» сыныбы – III орынды иеленді. (Қарабаева Л, Байкова Э)



Сонымен қатар 08.09.23ж 7-сыныптар арасында «Тіл – достықтың мерейі» атты эссе байқауы өткізілді.



Іс-шараның мақсаты: Білім беру үрдісінде ұстаз да, шәкірт те жеке тұлға болып қарастырылады. Білім берудегі мақсатымыз -әр оқушының қабілетін танып, біліп, дамытып, оқытудың жаңа технологияларын қолданып, оқу үрдісін жетілдіру, жан-жақты дамыған жас ұрпақты тәрбиелеу, дарынын ашу, білім сапасын арттыру.

Осы орайда 7 – сыныптар арасында эссе байқауына 16 оқушы қатысты. Нәтижесінде:

I – орынды 7 «Г» сынып оқушысы

Асантайқызы Анелья (мұғалімі Ибрагимова А.И)

II – орынды 7 «Д» сынып оқушысы Ишметова Мадина (мұғалімі Мустафаева Л.М)

III – орынды 7 «В» сыныбынан Тойшыбек Құралай (мұғалімі Қарабаева Л.А) және 7 «Б» сыныбынан Қалдыбек Гүлфайруз (мұғалімі Ештаева Б.С) иеленді.



8 сыныптар арасынан 15 оқушы қатысты.

Қорытындысы бойынша:

Жарқынбек Каусар 8 «А» - I орын (мұғалімі Назымбет К.Ж)

Сайлаубек Адия 8 «Г» - II орын (мұғалімі Айтуреева С.Ж)

Ідірісхан Жанерке 8 «А» - III орын (мұғалімі Назымбет К.Ж)

Төрегелді Асылмұрат 8 «Г» - III орын берілді (мұғалімі Айтуреева С.Ж) Байқау жеңімпаздары ынталандыру сыйлықтарымен және «Мақтау қағаздарымен» марапатталды.



11 қыркүйек күні үш тілде **"Тіл - әр халықтың байлығы"** тақырыбында

11 сынып оқушылар арасында қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімдері Н.Оспанова мен Б.Бегімбетова пікірталас ұйымдастырды. «Зияткер» дебат клубының ұйымдастыруымен 11 сыныптар арасында **"Қазақ тілі мәртебесі өз дәрежесінде ме?"** атты пікір-сайыс өткізілді. Пікірсайысқа "Дарын" және "Болашақ" топтары қатысып,

өз пікірлерімен сөз жарысқа белсене қатысты. Сөз додасында "Болашақ" тобы жақсы нәтижеге қол жеткізіп, сөз додасының жеңімпазы атанды.



https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0c62XyV8sjB5hTiC98ibB14a3ESyEf169sVto9gnUpgXgeDh5HT6ZErzgdM8QoSrJl&id=100065375376743&mibextid=Nif5oz

Онкүндік жоспарына сай 13 қыркүйек күні **«Тіл- халық қазынасы»** тақырыбында да бір-бірінің пікірін тыңдап, өзара татулыққа үйрету мақсатында шешендік өнер сайысын тіл мамандары Т.С.Мархабаева мен Б.А.Абдрахманова ұйымдастырып өткізді.

9-10 - сыныптар арасында **«Тіл- халық қазынасы»** атты дөңгелек үстел өткізілді.

Іс-шараның мақсаты: оқушылардың бір-бірімен қазақ тілінде қарым- қатынасын бақылау және мемлекеттік тілді оқытудың сапасын арттыру, сондай-ақ, ата-бабамыздан қалған асыл мұралардың бірі –шешендік өнер тұлғасында мағлұмат беру, қазақ даласында өмір сүрген дуалы, от ауызды, орақ тілді шешендердің ұрпақтан ұрпаққа, атадан балаға мұра ретінде жеткен асыл сөздерімен таныстыру.



Осы орайда этнос топтардың балалары Ахмедов Алим, Мустафаева Анастасия, Заедова Алина, Рыбалкина Анастасия, Церникель Никита берілген сұрақ-жауаптарға еркін жауап беріп, ұлы ақындарымыздың өлеңдерін мәнерлеп, нақышына келтіріп оқып берді.

Дөңгелек үстел басында оқушылар бүгінгі күнгі үлкен мәселеге айналған «тіл білмеу», яғни мемлекеттік тілді білмейтін жастарымыз туралы да сөз қозғады. Іс-шара соңы ұлы ұстаз, ағартушы, А. Байтұрсыновтың **«Тілі жоғалған ұлттың, өзі де жоғалады»** деген керемет сөзімен аяқтады.

Қорыта айтқанда, ТІЛ тек қана байланыс құралы емес, ол әрбір азаматтың рухани байлығы екенін оқушыларға



түсіндірудеміз. Біздердің алдымызда үлкен міндет ол-өзге ұлт өкілдерінің балалары қазақ тілін толық меңгеріп, біліп шығуына еңбек ету. Мектебімізді бітірген әрбір оқушы қазақ тілін толық меңгеріп, оқи да, жаза да, сөйлей де алатынын мақтаныш тұтамыз.



15 қыркүйек күні Қазақстан халқы Тілдері күні мерекесіне арналған «Тіл тірегіміз, соғып тұрған жүрегіміз» тақырыбында мектепішілік қорытынды іс-шарасы өтілді. Мемлекеттік тілдің өркендеп, оянуына, мемлекеттік тілімізді сүюге, мемлекеттік тілді аяққа баспай, мәртебесін биік ұстау жөнінде, әр ұлттың өзіндік ерекшеліктері, салт-дәсірі, діні, тілі болатынын түсіндіру. Сөздік қорын молайту, еркін сөйлеуге баулу. Қ.Р.Әнұранымен басталып мақал-мәтелдермен жалғасты.

- 1) Сұрақ – жауап
- 2) Мақал – мәтелді жалғастыру
- 3) «Тіл туралы» тақпақтар айту
- 4) Өзге ұлттардың биін билету



Мақал – мәтелдер дұрыс толықтырылды. Оқушылар Есимбек Інжу, Кунсары Ұлжан, Сабет Фариза тағы басқа оқушылар «Тіл туралы» тақпақтарын ана тілінде мәнерлеп айтып берсе Асилбекқызы Бибіфатима ағылшын тілінде ал Усманова Сабрина өзбек тілінде өлеңдерін мәнерлеп айтты. Оқушылар сұрақтарға толық жауап берді. Санаева Анель және Асилбекқызы Бибіфатима «Қамажай» биін билесе ал өзге ұлт оқушылары Рунков Михаил мен Александр

«Грузин» биін, Усманова Сабрина мен Есимбек Інжу өзбек елінің биін биледі. «Атамекен» әнімен аяқтадық. Іс -шараға белсене қатысқан барлық білім алушылары арнайы сыйлықтар және мақтау қағаздарымен марапатталды.